

## **Ішінде бағалы металдар бар қайталама ресурстарды және қалдықтарды жинау мен ұқсатуды ұйымдастыру туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 20 тамыз 1992 ж. N 703. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. N 1198 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында ішінде бағалы металдар бар қайталама ресурстарды және қалдықтарды жинау мен ұқсатудың тәртібі туралы Ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнеркәсіп кәсіпорындары мен бірлестіктерінің және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілері түрлерінің ішінде бағалы металдар бар қайталама ресурстарды және қалдықтарды жинау мен ұқсату жөніндегі "Алтын" акционерлік қоғамын құру туралы инициативасына қолдау көрсетілсін.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі, "Алтын" акционерлік қоғамы :

ішінде бағалы металдар бар қайталама ресурстарды және қалдықтарды жинау мен ұқсату жөніндегі республика аумағында әр түрлі меншік нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер мен аймақтық қабылдау-ұқсату пункттерінің қажетті желісін құратын болсын;

ішінде бағалы металдар бар қайталама ресурстарды және қалдықтарды жинау мен ұқсату жөніндегі шаруашылық жүргізуші субъектілер мен аймақтық қабылдау-ұқсату пункттерінің жұмысын ұйымдастыру тұрғысындағы қажетті нормативті құжаттарды Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкісінің қатысуымен белгіленген тәртіп бойынша әзірлеп, бекітетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары, мемлекеттік корпорациялар, концерндер, қауымдастықтар мен өндірістік бірлестіктер, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері шаруашылық және өзге де қызметтің нәтижесінде пайда болған ішінде бағалы металдар бар қайталама ресурстарды және қалдықтарды жинау мен ұқсату жөніндегі аймақтық қабылдау-ұқсату пункттеріне темір-терсек атаулының және басқа да қалдықтардың түгелдей жиналып, уақтылы тапсырылуын камтамасыз етуге меншік нысанына қарамастан кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдарды, қорғаныс кешенінің бөлімшелерін, әскер бөлімдерін міндеттесін.

5. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі

мемлекеттік комитетіне металл сынығы мен қалдық күйіндегі қолдағы бағалы металдар мен оларды ұқсатуға тапсыру туралы мемлекеттік есепті жинақтау мен өңдеуді, меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мұны барлық кәсіпорындар мен ұйымдарға таратуды қамтамасыз ету ұсынылсын.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
М и н и с т р л е р                      К а б и н е т і н і ң  
1 9 9 2                      ж ы л ғ ы                      2 0                      т а м ы з д а ғ ы  
N                      7 0 3                      қ а у л ы с ы м е н  
Бекітілген

**Ішінде бағалы металдар бар қайталама  
ресурстарды және қалдықтарды жинау мен  
ұқсатудың тәртібі туралы**

**Ереже**

**Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже "Қазақ КСР-інде алтын қорын және алмас қорын жасау туралы" Қазақ КСР Президентінің 1991 жылғы тамыздың 31-індегі Жарлығын нақтылы жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы қазанның 16-сындағы N 612 қаулысын атқару үшін әзірленді әрі ол ішінде бағалы металдар бар сынықтар мен қалдықтарды жинаудың және қайыра өңдеуге тапсырудың тәртібін белгілейді.

2. Меншіктің барлық нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілерге, сондай-ақ жеке адамдарға құймалардағы, жартылай дайын өнімдердегі, сынықтар мен қалдықтардағы бағалы металдармен биржалық, баспа-бас айырбас және өзге операцияларды жүргізуге рұқсат етілмейді.

3. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы өзінің 1991 жылғы 8 қазандағы N 887-ХІІ қаулысымен бағалы металдар мен құрамында солар бар бұйымдарды қолданушы, ұқсатушы және пайдаланушы барлық кәсіпорындарды, мекемелер мен ұ й ы м д а р д ы :

Ұлттық мемлекеттік банк белгілеген тәртіпке сәйкес бағалы металдардың қатаң есебін жүргізуге және бағалы металдардың, оларды қолдану арқылы жасалған бөлшектер мен бұйымдардың, сондай-ақ олардың қалдықтарының сақталуын қамтамасыз етуге міндеттеді.

4. Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 16 қазандағы N 612 қ а у л ы с ы н а с ә й к е с :

ішінде алтыны бар шикізатты, оның ішінде қайталама шикізатты, бағалы металдар мен олардан жасалған бұйымдарды өндіруші, ұқсатушы кәсіпорындар сыртқы және республиканың ішіндегі тұтынушылармен шарттар жасасады;

ішінде бағалы металдары бар сынықтар мен қалдықтарға арналған ішкі есептесу бағаларының жобаларын "Қазалмасалтын" консорциумы Қазақстан Республикасының Мемэкономкомымен бірлесіп қарап, бекітеді.

### **Бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын жинау мен қабылдап алудың тәртібі**

5. Бағалы металдарды тұтынушы кәсіпорындар мен ұйымдар бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарының барлық түрлерінің толық жиналуын және олардың уағдаластық шартымен мамандандырылған қабылдау-ұқсату кәсіпорындарына немесе аймақтық қабылдау пункттеріне тапсырылуын қамтамасыз етеді.

6. Бағалы металдардың қайталама ресурстарының көздері:

электр өткізгіш, электр қосқыш және радиоэлектронды аппаратурасы бар тозған, ескірген әрі өткеруге жатпайтын өндірістік, оқу, әскери жабдықтары мен бұйымдарын;

бағалы металдарды пайдалануға байланысты өнімдер өндірісі мен химиялық саралаулардан, ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және жөндеу жұмыстарын жүргізуден;

ішінде бағалы металдары бар стандартсыз жабдықтар мен бұйымдарды пайдаланудан;

фотоматериалдарды өңдеуден, нықтағыш әрі ағартқыш ертінділерден, кинофотоматериалдарын жуғаннан кейінгі ағызылмаған қалпындағы кір суында қалған сынықтар мен қалдықтар болып табылады.

7. Қайталама ресурстарды жинау бөлшектелмеген бұйымдар және өңделмеген материалдар күйінде де, сондай-ақ ішінара бөлектенген, сортталған және өңделген күйінде де жүргізіледі.

Ішінде бағалы материалдары бар бұйымдарды бөлу мен бөлшектерін алу деңгейі, сондай-ақ оларды алдын-ала әзірлеу тәсілдері жөнінде тапсырушы қабылдау-ұқсату кәсіпорнымен келісіп алады.

8. Ішінде қымбат бағалы металдары бар жарылу қаупі бар, радиоактивті және улы сынықтар мен қалдықтарды, сондай-ақ жанғыш сұйық материалдарды өңдеуге жөнелтуге жол берілмейді.

9. Қабылдау-ұқсату пункттеріне тапсырған кезде сынықтарды басқа қалдықтармен, сондай-ақ ішіндегі бағалы металдардың мөлшері және түрі әралуан сынықтар мен қалдықтарды да араластыруға жол берілмейді.

10. Тапсыруға дайындалған сынықтар мен қалдықтар ішіндегі бағалы металдардың процентін анықтау үшін сұрыптан өткізіліп саралануға тиіс.

Қалдықтарды тапсырушы мен ұқсатушы кәсіпорынның арасындағы дауларды шешу қалдықтарды қабылдаушы кәсіпорында қалдықтардың төрелік сұрыптары

іріктелініп алынып, ұқсату кезіндегі ішіндегі қымбат бағалы металдардың мөлшерін анықтағанша белгіленген тәртіп бойынша мөрленіп сақталады.

11. Пайдалануда болған немесе ескірген алтыннан, платинадан және платина тобындағы металдар мен олардың қоспасынан жасалған жөнелтілетін бұйымдарға дайындаушы заводтың төлқұжаты (немесе оның көшірмесі) немесе тапсырушының лабораториясы жасаған бағалы металды анықтайтын саралауы қоса жіберіледі. Тапсырушының сынықтар мен қалдықтардағы бағалы металдардың мөлшерін анықтайтын лабораториясы, сондай-ақ олардың бұйымдардағы, сынықтардағы мөлшері туралы деректері болмаған жағдайда, қалдықтар мен бұйымдар белгіленген тәртіппен қабылдаушы-ұқсатушы кәсіпорынның лабораториясында сараланады.

12. Ішінде бағалы металдары бар сынықтар мен қалдықтар тасымалданған кезде олардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қапталып буылады.

Бір орынның жинақты салмағы:

	күміс сынықтары мен қалдықтары	
үшін	- 40 килограмнан	
	алтын, платина мен платина тобындағы	
металдар сынықтары мен қалдықтары үшін	- 20 килограмнан	
аспауға	тиіс.	

13. Ішіндегі алтынның, платинаның және платина тобындағы металдардың мөлшері 5 проценттен асатын қалдықтардың барлық түрлерін тасымалдау арнаулы қатынас арқылы жүргізіледі.

Ішіндегі алтыны, платинасы мен платина тобындағы металдардың мөлшері 5 проценттен аспайтын материалдар, күміс сынықтары мен қалдықтары бағаланған құны қойылып почта саухаттары, сымбалдар күйінде темір жол немесе көліктің басқа түрлері арқылы жіберіледі. Сынықтар мен қалдықтар арнаулы қатынас, почта саухаты немесе сымбал күйінде жөнелтілмей, вагондармен, контейнерлермен немесе автомобиль көлігімен жөнелтілген жағдайда, оған тапсырушы кәсіпорын жіберген күзетушілер ілесіп жүреді. Қалдықтағы алтын мен платинаның және платина тобындағы металдардың мөлшері 1 проценттен, күмістікі-5 проценттен кем болған жағдайда, бағалы металдардың сипаты мен түріне байланысты жүкті алып жүру мәселесін ретіне қарай тапсырушы кәсіпорынның басшысы шешеді.

14. Бағалы металдар сынықтары мен қалдықтарын өлшеп, буып-түюді кәсіпорынның, ұйымның немесе шаруашылықтың басшысы тағайындаған сынықтар мен қалдықтардың сақталуы, толық жиналуы мен тапсырылуы үшін материалдық тұрғыдан жауап беретін қызметкерлер жүргізеді.

15. Почта, темір жол немесе көліктің басқа түрімен қабылдаушы-ұқсатушы кәсіпорынға бумасы бұзылмай келіп түскен бағалы металдардың сынықтары мен

қалдықтары салынған саухаттар мен сымбал орындарын жалпы жинақты салмағы бойынша материалдық тұрғыдан жауапты қызметкер қабылдап алады.

16. Саухаттарды (жүк орындарын) ашып өлшеуді және тапсырушы қоса жіберген құжатта (түгелдемеде) көрсетілген деректермен бағалы заттардың толық жеткізілуін және сынықтар мен қалдықтардың әрбір түрі бойынша олардың сапалық құрамын салыстыруды материалдық тұрғыдан жауапты қызметкер мен құрамын ұқсатушы кәсіпорынның басшысы бекітетін сынықтар мен қалдықтарды қабылдап алу жөніндегі комиссия жүргізеді.

Бағалы металдардың қалдығын қабылдап алған кездегі нақтылы анықталған деректер мен тапсырушы қоса жіберген құжатта көрсетілген деректердің арасында айырмашылық болған жағдайда, сондай-ақ қоса жіберілетін құжаттар болмай шыққан кезде, комиссия анықтаған қалдықтардың таза салмағы мен сапасы қабылдап алудың түпкі нәтижесі болып саналады.

17. Бағалы металдар сынықтары мен қалдықтары бар саухаттарды (жүк орындарын) ашу, жинақты салмағы мен таза салмағы бойынша қабылдап алу түскеннен кейін 5 күннен кешіктірілмей жүргізіледі. Жылдық түгендеу жүргізіліп жатқан кезеңдерде кәсіпорын басшысының ұйғаруына қарай саухаттарды ашу мерзімі ұлғайтылуы мүмкін.

18. Саухаттарды қабылдап алу N 1 қосымшада көрсетілген нысан бойынша 2 дана етіп жасалатын актімен ресімделеді.

Оның бірінші данасы қабылдау-ұқсату кәсіпорнында қалдырылады да екінші данасы бағалы металдар сынықтары мен қалдықтарын жіберушіге жолданады.

19. Бумасы мен мөрі бұзылмай арнаулы қатынас арқылы келіп түскен бағалы металдар сынықтары мен қалдықтары бар саухаттар тапсырушының аты мен мекен-жайы, саухаттың жөнелтілген күні, бағалылығы мен жинақты салмағы көрсетілген реестр немесе квитанция бойынша жинақты салмағы өлшенбей-ақ қ а б ы л д а н ы п а л ы н а д ы .

Бумасы мен мөрі бүлінген болса, арнаулы қатынас өкілінің қатысуымен жинақты салмағы өлшеніп, саухат ашылады. Қабылдап алу бағалы металдардың әр түрі бөлек алынып, таза салмағы бойынша жүргізіледі де бүлінгені үшін кімнің кінәлі екені көрсетілген актімен ресімделеді.

Актіні сынықтар мен қалдықтарды ұқсатуға қабылдап алған кәсіпорынның б а с ш ы с ы б е к і т е д і .

20. Ішінде бағалы металдары бар қалдықтарды, сынықтарды, бөлшектелмеген жабдықтарды, аспаптарды, бұйымдар мен басқа да материалдарды тікелей тапсырушының қолынан қабылдап алуды тапсырушы мен қабылдаушы қол қоятын қабылдау актісін жасау арқылы қабылдаушы жүргізеді.

21. Сынықтар мен қалдықтарды өлшеу:

- ішіндегі алтыны немесе платинасы мен платина тобындағы металдары 15

проценттен, ал күмісі 85 проценттен асатын сынықтар мен қалдықтар - бірінші класты таразыларда жүргізіледі;

- ішіндегі алтыны немесе платинасы мен платина тобындағы металдары 15 проценттен, ал күмісі 85 проценттен кем сынықтар мен қалдықтар, сондай-ақ ішіндегі күмісінің мөлшеріне қарамастан бір жүк орнының салмағы 50 килограмнан асатын күміс сынықтары мен қалдықтары, таразыланатын салмақтың артық-кемі 0,05 процент болатын дәлдікпен өлшенеді.

22. Сұйық ерітінділердегі, біртекті сусымалы материалдардағы бағалы металдардың мөлшерін анықтау тапсырушының немесе саухатты (жүк орнын) ашқан комиссияның қатысуымен орташа сұрыбын алу арқылы жүргізіледі. Алынған сұрыбы екіге бөлініп бір бөлегі анықтау үшін лабораторияға жіберіледі де, екіншісі - төрелік жасауға арналған бөлегі комиссияның көз алдында буылып, т ү й е д і .

Әртекті сусымалы қалдықтар, сынықтар орташа сұрыбын анықтар алдында комиссияның көзінше сұрыпталып араластырылады немесе балқытылады. Сұрыбын алу кәсіпорында бекітілген нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

Төрелік сұрыбы қалдықтағы бағалы металдардың төл құжаты өнім беруші жөнелткен күннен 3 ай бойы сақталады.

Нықтағыш ерітінділерге жасалған төрелік сұрыбы саралау нәтижелері жөнелтушіге хабарланған күннен бастап, бір ай бойы қараңғы жерде сақталады.

23. Бөлшектелмеген аспаптардағы, жабдықтардағы, бұйымдардағы бағалы металдардың мөлшері төлқұжаттардың, анықтамалықтардың және өзге техникалық құжаттардың негізінде бұйымдардың қаншалықты ұсталғаны ескеріліп және ұқсату кезінде алынған көрнекті сұрыпты саралау нәтижелері б о й ы н ш а а й қ ы н д а л а д ы .

24. Қабылдау-ұқсату кәсіпорындарына келіп түскен бағалы металдардың сынықтары және қалдықтары тасымалдау мен одан әрі тазартуға жарамды қалыпқа келтірілгенше қайтадан өңделеді.

Ішінде бағалы металдар бар қайталама ресурстарды және қалдықтарды жинау мен ұқсатудың тәртібі туралы Ережеге N 1 Қ о с ы м ш а

(Кесте)